ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 3 тамыз№ 4360-23-00-2/1524 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Жастар Шыңы» жастар қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесініңжауапкер «Жастар Шыңы» жастар қоғамдық бірлестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану жәнетұрақсыздық айыппұлын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер«Жастар Шыңы» жастар қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер«Жастар Шыңы» жастар қоғамдық бірлестігінен мемлекет кірісіне 12 636 (он екі мың алты жүз отыз алты) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 104 (екі мың бір жүз төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «18» қыркүйек 2023 жыл.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 09.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 18.09.2023, судья Әбілқайысқызы А., 18.09.2023

4360-23-3-1/1649